

ҚАРЖАСОВА Г. Б.

PhD докторы, доцент

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық универсиеті

НҮРПЕИСОВА А. К.

заң ғылымдарының кандидаты, доцент

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық универсиеті

АБИЕВ Е. С.

заң ғылымдарының магистрі

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық универсиет

СЫЗДЫКОВА С. А.

заң ғылымдарының магистрі

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетіі

Еліміздің әлеуметтік мемлекеткеайналуындағы басты қадамдар.

Түйін. Мақалада Қазақстан Республикасы әлеуметтік мемлекет сипатына ауысу қадамдары талқыланады. Еліміздің қазіргі даму кезеңінде ұлттық басымдықтар құрылымында экономикалық және әлеуметтік мәселелердің өзара тиімді үйлестірілу мәселелеріне аса зор көңіл бөлініп отыр. Әлеуметтік мемлекеттің басты ұстанымы – адамгершілік пен ізгілік қағидалары негізінде қоғам өміріндегі саяси және құқықтық жағынан жетілдіру, кешенді қызмет жүйелігін жүзеге асыру, азаматтық қоғам дамуына толық жағдай жасау. Әлеуметтік мемлекет – әр азаматтың қолайлы ортада тіршілік етуіне, әлеуметтік жағынан қорғалуына, дағдарыстар мен шеберліктерін толық дамыту үшін барлық азаматтарға мүмкіндік жасайтын мемлекеттік биліктің үлгісі болып табылады.

Түйін сөздер: әлеуметтік мемлекет, құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам, жеке тұлға, әлеуметтік саясат.

Резюме. В статье обсуждаются шаги к переходу Республики Казахстан в социальное государство. На современном этапе развития страны большое внимание уделяется вопросам взаимовыгодной координации экономических и социальных вопросов в структуре национальных приоритетов. Основные принципы социального государства - политическое и правовое совершенствование общества на основе принципов нравственности и гуманизма, осуществление комплексной системы деятельности, создание полноценных условий для развития гражданского общества. Социальное государство-это государство, которое предоставляет всем гражданам возможность жить в благоприятной среде, социальной защищенности, полноценного развития талантов и мастерства.

Ключевые слова: социальное государство, правовое государство, гражданское общество, личность, социальная политика.

Summary. The article discusses the steps towards the transition of the Republic of Kazakhstan to a social state. At the present stage of the country's development, much attention is paid to mutually beneficial coordination of economic and social issues in the structure of national priorities. The main principles of the social state are the political and legal improvement of society based on the principles of morality and humanism, the implementation of a comprehensive system of activities, and the creation of full-fledged conditions for the development of civil society. A social state is a state that provides all citizens with the opportunity to live in a favorable environment, social security, and the full development of talents and skills.

Keywords: social state, legal state, civil society, personality, social policy.

Халықаралық және отандық құқықтық зерттеулердің нәтижелері дәлелдеп отырғандай бүгінгі уақытта мемлекеттің қоғам, әлеуметтік таптар немесе жіктер, жеке тұлғалармен қатынастары- мемлекет белгісінің ішіндегі ең қымбаты, ең өзектісі болып табылады. Адам мен азаматтардың құқықтарын бағалау, құқықтық қатынастарға түсуші барша субъектілердің жоғарғы деңгейде дамыған құқықтық мәдениеті тектес мәселелердің барлық құқықтық, демократиялық, сонымен қатар әлеуметтік мемлекеттің басты өзектілігіне айналған. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-құқықтық мемлекет сипатына ауысуы оның қоғамдық-саяси өміріне жаңа үлгідегі әлеуметтік, саяси, идеологиялық және құқықтық жандандыруларды енгізуді талап етті. Еліміздің осы бағыттағы жандандыруларының негізгі мақсаттарының бірі – әлеуметтік мемлекеттілікті құру және қалыптастыру. Алайда мұны толыққанды ұғыну кез-келген қарапайым адамның санасына тез қалыптасуы мүмкін емес. Себебі, ұсынылған бастама жалпы халықтың қоғамдық ойы мен пікірінде, күнделікті өмірінде де төменгі деңгейде тараған. Қаншалықты қиын болғанымен де қарапайым халық белгілі бір дәрежеде, әлеуметтік мемлекет түсінігін, оның қасиеттерін, белгілерін, өзіне тән ерекшеліктері мен қызметтері бағытында толық қанды ақпараттарды нақты білуі қажет. Сол себепті, еліміз үшін әлеуметтік мемлекет мәселесі – өткір өзектілігімен және астарлы ақиқатты сұрақтардың бірі екендігін атап көрсетуге толық негіз бар. Мемлекетіміз өз алдына дербес, тәуелсіздігіне қол жеткізген сәттен бастап, Қазақстан Республикасының Ата заңында еліміздің әлеуметтік мемлекет қатарында екендігі ерекше аталып көрсетілгендігінің дәлелі – басты құжатымыздың «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады; оның ең қымбатты қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп айқындалуы, яғни демократиялық сипаттары мен қағидаттары бар, дін мен мемлекеттің арасы ажыратылған, құқықтық мемлекеттің бірден бір белгісі ретінде – билік жүйесінің үш тармағы жетілдірілгендігі, адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының басымдылығы қағидаты орын алған мемлекет ретінде көрінісін табады.[1] Бұл тұста аса маңызды назар аударатын жағдайлардың негізі ретінде, Қазақстан Республикасының әлеуметтік мемлекет, яғни өзінің барша халқының игілікті немесе жоғары өмір сүру үшін жағдай жасау және жеке адамның еркін дамуы мен қалыптасуы арқылы әлеуметтік теңсіздікті тегістеуге міндеттеме ретінде қарастыратын мемлекет сипатындағы дамуға ниетінің алғы баспалдағы дегенді білдіреді. Бұл қағидалардың жиынтығы, Ата Заңның

төмендегідей: азаматтарды жұмыспен қамту немесе жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуға, тынығу және еңбек демалысы, заң нормасымен белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығына, демалыс және мереке күндеріне, жыл сайынғы ақылы демалысқа құқығы; жасына келген, науқастанған, мүгедек болған, асыраушысынан айрылған жағдайда ең төменгі жалақы мен зейнетақының мөлшеріне, әлеуметтік қамсыздандырылуға кепілдік берілуі және ерікті әлеуметтік сақтандыру, әлеуметтік қамсыздандырудың қосымша нысандарын жасаудың және қайырымдылықтың көтермеленуі; аза маттардың денсаулық сақтауға, заңмен белгіленген кепілді медициналық көмек көлемін тегін алуға құқығы; тегін орта білім алуға, конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға кепілдік берілуі; адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны мемлекеттік қорғау; отбасын, ана мен әке және баланы мемлекеттік қорғау; мемлекеттің азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасауы, тұрғын үйді заңмен белгіленген нормаларға сәйкес мемлекеттік тұрғын үй қорларынан азаматтардың шама-шарқы көтеретін ақыға беруі сияқты нормаларында ашылады». Аталып өткен қағидаларды негізге ала отырып, ел бірлігінің ажырамас тізгінін иемденген жылдар ширегінде еліміздің тәуелсіздігін нығайту немесе күшейту жолында жасалып жатқан жұмыстарымыздың барлығы дерлік – мемлекетіміздің өркендеуі, тәуелсіздіктің беріктігі, барша халықтың әл-ауқатының артуына бағытталған. Қиыншылығы мен қуанышы қатар жүрген, Тәуелсіз және біртұтастығымыз осынау жылдары ішінде Қазақстан әлеуметтік мемлекеттің бастапқы фундаменталды іргесін жетілдіріп, дамудың аса маңызды саны мен сапасының дейгейін серпінділігі жақындап келе жатқандығы қазіргі өмір салтымен дәлелденіп отырған құбылыс. Елбасымыздың сөзімен айтқанда: «Ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді. Ол арман – тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты Ел болу еді [2]. Бұдан байқап отырғанымыз, әлеуметтік мемлекет – адамзаттың ойы мен тәжірибесінің тәуелсіз, құқықтық мемлекет құрудағы ең маңызды жетістіктерінің бірі.

Әлеуметтік мемлекеттің басты ұстанымы – адамгершілік пен ізгілік қағидалары негізінде қоғам өміріндегі саяси және құқықтық жағынан жетілдіру, кешенді қызмет жүйелігін жүзеге асыру, азаматтық қоғам дамуына толық жағдай жасау[3, 876]. Біршама ғалымдардың мемлекет туралы берген анықтамаларында сәйкес – барша азаматтың лайықты деңгейде өмір сүруіне, өндірістік құрылымға қатынасуға және басқаруға, азаматтарды әлеуметтік жағынан қорғауға кепіл болуға ұмтылған мемлекет.

Әлеуметтік мемлекет – әр азаматтың қолайлы ортада тіршілік етуіне, әлеуметтік жағынан қорғалуына, дарындары мен шеберліктерін толық дамыту үшін барлық азаматтарға мүмкіндік жасайтын мемлекеттік биліктің үлгісі болып табылады [4, 276].

Осындай мемлекет адам және азаматтардың қоғам алдындағы жауаптылығын арттыруға қызмет етеді және әлеуметтік әділеттілік пен әлеуметтік бітімгершілік, сондай-ақ әлеуметтік келісім қағидаларына бойынша адамдар арасында жаңа үлгісіндегі байланыстарды калыптастырады.

Әлеуметтік мемлекеттің пайда болуы – құқықтық мемлекет құру қағидаларының орнын әлсіреткен жоқ. Жеке тұлғаның азаматтық құқығы мен бостандығының

басымдылығы – демократиялық мемлекеттің де, әлеуметтік мемлекеттің де өмір сүруінің негізі болып қала береді. Алайда, әлеуметтік мемлекет өзінің өркендеу жолында, қоғамның әрбір мүшесінің тіршілік етуіне лайықты жағдай жасау үшін заңды түрде жарияланған азаматтық құқық пен бостандық мазмұнының шынайы кеңеюіне ұмтылады.

Ерекше айтатын жағдай, халықтың тіршілік ету деңгейінің жоғары болуы – әлеуметтік жағынан қамтамасыз етілмеген жағдайда адам құқығы мен бостандығының құрылымы өзгереді, адамдардың саяси белсенділігі төмендейді, мемлекетке сенімсіздік пайда болады, саясатқа селқостығы ұлғаяды, құқық пен бостандықтың заңды кепілдіктеріне сенімсіздік түсініктері қалыптасады. Әлеуметтік мемлекеттің өмір сүруі құқықтың мемлекетпен бірлікте екенін атап көрсету қажет. Өйткені, құқықтық мемлекет те, әлеуметтік мемлекет сияқты жеке тұлғаның дамуы мен игілігі үшін тиімді жағдайлар жасауға тырысады. Құқықтық мемлекет – тиімсіз құқықтар санын мейлінше азайтып, мемлекеттің жеке тұлға өміріне қол сұғуына заңды түрде шектеу қойып, нақты ережелер белгілейді. Ал, әлеуметтік мемлекет – бәрінен бұрын адамдарды заңдастырылған құқықтармен, адам дамуына қажетті тұрмыс жағдайымен, ұлттық табыстың әділ және ұтымды бөлінуін қалыптастырумен қамтамасыз етуге ұмтылады. Нақты айтқанда, тұлғаның жеке өмірін қорғауға және қолдауға тырысу – әлеуметтік және құқықтық қағидалардың тұтастығының негізін құрайды. Ерекше атап өтсек, құқықтық мемлекетте мемлекеттік органдардың ұлттық табысты, әлеуметтік, экономикалық, мәдени және басқа да игіліктерді бөлу үрдісіне қатыспауын мойындайтын болса, әлеуметтік мемлекет әр адамды тұрмысы жағынан қамтамасыз етуге, нақты айтқанда, ұлттық табысты бөлумен айналысуға міндетті және осы үрдісті ұтымды түрде жүзеге асыруарқылы қоғамда пайда болатын теңсіздіктерді болдырмауға тырысады. Әлеуметтік мемлекет өзінің қызметін азаматтардың қоғамдық белсенділігімен байланыстыруға, қысымшылық көрсету тәсілдерінен аулақ болуға, жеке бастың мәртебесін қорғауға, сөз бостандығы құқығына кепілдік беруді қамтамасыз етуге міндетті. Сонымен, әлеуметтік мемлекеттің мәні мен мақсаты – қоғамдағы бейбітшілік пен татулық үшін жағдай жасау, әлеуметтік серіктестік институттарын дамыту, еңбекшілерге әділетті де лайықты еңбекақы төлеу құқығына және қауіп-қатерден қорғауға кепілдеме беру. Аталған ерекшеліктерді ескере отырып әлеуметтік мемлекет қызметтерінің негізгілерін саралайтын болсақ, әлеуметтік қамсыздандыру – мемлекеттің алғаш заңдастырылған міндеттері болғандықтан және әлеуметтік сапаға жетуге жасаған қадамы болғандықтан, қоғам және тұлға каты настарының өзгеруінің бастамасы. Әлеуметтік қамсыздандыруды қалыптастыру кезеңі құқықтық негіздің пайда болуы мен әлеуметтік үрдістерді құқықтық реттеу қызметін мемлекеттің өз міндетіне алуымен тікелей байланысты. Келесі қызмет – әлеуметтік бағдарламаны бюджеттік қаржыландыру арқылы және әлеуметтік қамсыздандырудың мемлекеттік құрылымын құру барысында жүзеге асырылатын – білім және денсаулық сақтау мүмкіндіктерін қамтамасыз ету. Әлеуметтік мемлекеттің келесі қызметі – әлеуметтік қорғаудың пайда болуы, ең алдымен, азаматтардың әл-ауқатының деңгейіне мемлекет жауапкершілігінің қалыптасуына байланысты. Әлеуметтік мемлекеттің – әлеуметтік теңсіздікті бәсеңдету қызметін жүзеге асыру – барлық адамдардың бірдей әлеуметтік қолдау табу атрибутының пайда болғанынан бастап мүмкін болды. Себебі, әлеуметтік қорғау мен әлеуметтік қамтамасыз етудің жетілген механизмі мен жалпыға

бірдей әлеуметтік қолдау қағидаларын жүзеге асыру – теңсіздікті толығымен жоюға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік мемлекеттің – еңбекпен қамтамасыз ету қызметі мемлекеттің ажырамас қызмет бөлігі. Аталған қызметтердің барлығының жиынтығының негізінде әлеуметтік мемлекеттің – әлеуметтік қызмет көрсету қызметі қамтамасыз етілуі мемлекет дамуының ең жоғары деңгейдегі қозғалысын білдіреді. Әлеуметтік мемлекеттің – мемлекеттік саясат жүргізу қызметі әлеуметтік мемлекет дамуындағы жаңа құбылыс. Ол мемлекеттік саясатты жүргізу құрылымдағы өзгерістерге, олардың материалдық және рухани қажеттіліктерінің қанағаттандырылуына байланысты топтар арасындағы қоғам мен оның мүшелерінің өзара арақатынасына қатысты мемлекеттің жалпы саясатының ажырамас бөлігі болып табылады. Әлеуметтік мемлекеттің жемісті өмір сүруі – қоғамның барлық топтары мүддесіне қызмет ететін, дамыған экономика негізінде ғана қалыптасады деп топшылайтын болсақ, аталған қызметтердің әрқайсысының алатын орны зор екендігін естен шығармау абзал. Соған қа рамастан, белгілі сипаттамасы бар әлеуметтік мемлекет туралы ереже Қазақстан Республикасы Конституциясында көрсетіліп қана қоймай, қоғамдағы әрбір қарапайым азаматтың өз міндеттерін есіне салатындай болуы керек. Осы тектес міндеттердің легі Елбасымыздың «Әлеуметтік жаңғырту: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» [5] атты мақаласында, кезекті Жолдауларының біріндегі «Әлеуметтік саясаттың жаңа принциптері – әлеуметтік кепілдіктер мен жеке жауапкершілік» мәселелерінде дұрыс орнын алып отырғандығы баршамызға аян.

Аталғандарды ескере отырып, өркендеген елдердегі әлеуметтік мемлекеттің құрылуы мемлекеттік құрылыстағы жаңа қадам деген тұжырымдауды толық мойындаймыз. Сонымен, әлеуметтік мемлекет – өз азаматтарының өмір сүруін лайықты жағдаймен қамтамасыз етуге, әлеуметтік жағдайының қорғалуына, тұрмыстық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға, өндірісті басқаруға, қоғам мен мемлекетті іске араластыруға ұмтылатын мемлекет [6, 586].

Оған қол жетізу – тұрмыс жағдайы нашар қамтамасыз етілген топтың пайдасына ұлттық табысты қайта бөлудің көмегімен, халықты жұмыспен қамтамасыз ету, еңбекті қорғау, білім алу, денсаулық сақтауды, бүкіл қоғамның мәдениетін көтеру және дамыту саясатын жүргізуді жүзеге асыруды талап етеді. Әлеуметтік мемлекеттің барлық күш-жігері – қоғамдағы экономикалық, әлеуметтік және басқадай теңсіздіктерді бәсеңдетуге, жоюға жұмсалуды тиіс. Еліміздің әлеуметтік мемлекет сипатына ие болған кезден бастап осы бағыттағы шараларды негізгі арқау етіп алғандығына Елбасымыздың әр жылдардағы халыққа Жолдауы дәлел. Елбасымыздың ағымдағы жылғы Жолдауында баяндалғандай: «Біздің болашаққа барар жолымыз қазақстандықтардың әлеуетін ашатын жаңа мүмкіндіктер жасауға байланысты» болғандықтан, «Стратегия-2050»-дегі басты мақсаттарға жетуді көздейтін барлық іс-әрекеттеріміз негізделуге тиіс нақты қағидаттардың бірі – қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыру қағидаты, яғни қарапайым адамдардың әлеуметтік көңіл-күйі біздің басты мақсатқа ілгерілеуіміздің маңызды индикаторы болуға тиіс» [7].

Барша халықтық қолдау қағидатсының маңызды мәнін берген Қазақстан Республикасының әлем кеңістігіндегі бәсекеге қабілетті мемлекеттердің даму шеңберіне

қадам басқан кезінен бастап өз қоғамының мүшелеріне барлық мұқтаждықтарын қанағаттандырып, жаңа биік белестерді бағындыру үшін қадам басуға әрекет жасап келеді. Бүгінгі нарықтық заман талабына сәйкес әлеуметтік мемлекет сипатында дамып келе жатқан көптеген әлем мемлекеттері үшін әлеуметтік саясаттың айқын басым бағыттарын анықтап, шынайы әлеуметтік саясат жүргізу, бұқаралық халықтың әлеуметтік қорғауының өзіндік моделін қалыптастыру басымдық ие болатын мәселе болып отыр. Әлеуметтік саясаттың басты бағыттарын айқындай келе мемлекет ең басты құндылық санайтын халықтың игіліктерін анықтап, саясатты сол арнада жүргізеді. Сондықтан, әлеуметтік мемлекеттің құқықтық аспектілерінің тиімді тетіктерін табу арқылы қоғамның әр түрлі топтарына немесе жіктеріне, таптарына, ең бастысы әлжуаз әлеуметтік қорғауды қажет ететін топтарын әлеуметтік қорғаумен қамтамасыз етуге жағдай жасайды. Сол себепті де, әлеуметтік мемлекеттің қалыптасуы мен дамуы азаматтық қоғам, демократия, ізгілік, құқықтық мемлекет, еркіндік пен теңдік сияқты ұғымдарының мәселелерімен тығыз байланысты болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Конституциясы. Алматы, 30.08. 1995 (соңғы өзгерістер мен толықтырулар 10.03.2017ж.).
2. “Қазақстан-2030: Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әлауқатының артуы» Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы (Астана қ. 1997 ж. 10 қазан).
3. Мағжан Садыханұлы. Азаматтық қоғам – дамудың даңғыл жолына түсті. Дала мен кала, 2015. 15 наурыз. № 11 (442).
4. А.С. Шабуров. Социальное государство и социальное партнерство: проблемы формирования и взаимодействия. – Екатеринбург, 2012.
5. Нұрсұлтан Назарбаев: Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам. 07/11/2012. 05:09. – admin-ceiso.
6. С.А. Авакьян. Конституционное право России: В 2 томах. 5-е изд., перераб. и доп. – М.: 2014. – Т.1.
7. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауы. Астана. 17 қаңтар 2014, 16:52. BNews.kz.